

## Өлшемнің референттік әдістемелері (әдістері) ретінде қабылданатын өлшемнің әдістемелерін (әдістерін) атtestаттау тәртібін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 7 маусымдағы № 68 шешімі.

Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласында келісілген саясат жүргізу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 10 қосымшасы) 9-тармағының 3-тармақшасын іске асыру мақсатында және Жоғары Еуразиялық экономикалық қеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс реглементі № 2 қосымшасының 15-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған Өлшемнің референттік әдістемелері (әдістері) ретінде қабылданатын өлшемнің әдістемелерін (әдістерін) атtestаттау тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін өлшем бірліктерін қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың нәтижелерін өзара тану қағидалары күшіне енген күннен бастап, бірақ ерте дегенде осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 7 маусымдағы  
№ 68 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Өлшемнің референттік әдістемелері (әдістері) ретінде қабылданатын өлшемнің әдістемелерін (әдістерін) атtestаттау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласында келісілген саясат жүргізу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 10 қосымшасы) 9-тармағының 3-тармақшасына сәйкес әзірленді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өлшемнің референттік әдістемелері (әдістері) ретінде қабылданатын өлшемнің әдістемелерін (әдістерін) атtestаттау қағидасын (бұдан әрі сәйкесінше – референттік әдістемені атtestаттау, референттік әдістеме, мүше мемлекеттер, Одақ) белгілейді.

2. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін өлшемнің бастапқы референттік әдістемесі (әдісі) деп мүше мемлекетте жалғыз заңды тұлғада 1 жабдық жиынтығында аса жоғары нақтылықпен іске асырылатын, белгілі бір, соның ішінде референттік шамалар

өлшемінің басқа да әдістемелерін (әдістерін) пайдалана отырып алынған өлшем нәтижелерінің дұрыстығын бағалау үшін қолданылатын, олардың сол тектегі шамалар бірлігіне метрологиялық қадағалап отыруының өлшем нәтижелерін алуға мүмкіндік беретін және мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекетте қолданылатын бастапқы референттік әдістеме (әдіс) ретінде бекітілген өлшемнің әдістемесі (әдісі) түсіндіріледі.

Осы Тәртіпте пайдаланылатын өзге де ұғымдар Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласында келісілген саясат жүргізу туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы хаттаманың № 10 қосымшасы) белгіленген мәндерде қолданылады.

3. Референттік әдістемені аттестаттау жаңадан әзірленген өлшем әдістімесіне (әдісіне) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия бекіткен өлшем әдістімесін (әдісін) метрологиялық аттестаттау (бұдан әрі сәйкесінше – метрологиялық аттестаттау, Комиссия) тәртібіне сәйкес аттестатталған өлшем әдістемесіне (әдісіне) қатысты жүргізіледі.

4. Референттік әдістемені аттестаттауды мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекетте шамалар бірліктерін және шамалар шәкілдерін (өлшем шәкілдері) өлшем түріне сәйкес аса жоғары нақтылықпен жаңғыруды, сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын үйім (бұдан әрі – уәкілетті үйім) жүргізеді.

Аттестатталған референттік әдістемені мүше мемлекеттің өлшем бірліктерін қамтамасыз ету бойынша уәкілетті органды (бұдан әрі – уәкілетті орган) бекітеді.

Референттік әдістемені аттестаттау мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мүше мемлекеттің аумағында тіркелген референтті әдістемені әзірлеуші болып табылатын кез келген заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаның немесе референттік әдістемені әзірлеуге тапсырыс берген тұлғаның (бұдан әрі – өтініш берушілер) өтініші бойынша жүргізіледі.

5. Референттік әдістемені аттестаттау барысында теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер жүргізіледі және референттік әдістеменің өлшемдерге қойылатын метрологиялық талаптарға сәйкестілігін және оны осы тектегі шамалар өлшемінің басқа да әдістемелерінің (әдістерінің) көмегімен алынған өлшенген мәндердің дұрыстығын бағалау үшін, сондай-ақ өлшем құралдарын калибрлеу немесе стандартты ұлгілердің сипаттамаларын анықтау үшін пайдалану мүмкіндігін раставу жүзеге асырылады.

Уәкілетті үйім эксперименттік зерттеу шенберінде зертханааралық салыстыруды жүргізу үшін өтініш берушінің және (немесе) мүше мемлекеттердің басқа да ұғымдарын тартуы мүмкін.

6. Референттік әдістемеге теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер жүргізу кезінде мыналар жүзеге асырылады:

а) сәйкестілікті растау мақсатында алынған өлшем нәтижелерінің нақтылық көрсеткіштерін анықтау:

референттік әдістеме – оның мақсатты тағайындалуы (өлшем объектілерінің қасиеттеріне және өлшенетін шаманың сипаттамасына сәйкестілік);

өлшеуді орындау шарттары – референттік әдістемені қолдану бойынша талаптарға;

өлшем нәтижелерінің нақтылығы көрсеткіштері – референттік әдістемені әзірлеуге техникалық тапсырмада немесе референттік әдістемені әзірлеу бойынша бастапқы талаптарды қамтитын өзге де құжатта (бұдан әрі – техникалық тапсырма) белгіленген өлшемдерге қойылатын метрологиялық талаптарға;

референттік әдістемені іске асыру үшін пайдаланылатын шамалар бірліктерінің эталондар, стандартты үлгілер және бекітілген типтердің өлшем құралдары – мемлекеттік бастапқы шамалар бірліктерінің эталондарына немесе бастапқы референттік әдістемелерге (әдістерге), ал олар болмаған жағдайда – ұлттық шамалар бірліктерінің эталондарына немесе басқа мемлекеттердің өлшемдерінің бастапқы референттік әдістемелеріне (әдістеріне) қойылатын өлшемдердің алынған нәтижелерін қадағалап отыруды қамтамасыз ету талаптарына;

өлшем нәтижелерінің жазбалары – Халықаралық бірліктер жүйесінің (БЖ) шамалары бірліктерінің атауларына және (немесе) белгілеріне және олардың Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 34 шешімімен бекітілген Халықаралық бірліктер жүйесіне (БЖ) ара-қатынасын қоса алғанда Одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу кезінде қолданылатын шама бірліктерінің жүйеден тыс тізбесіне;

алынған өлшем нәтижелерін ұсыну нысандары – өлшемдерге қойылатын метрологиялық талаптарға;

б) референттік әдістеменің нақтылығы көрсеткіштерінің оны осы тектегі шамалар өлшемінің басқа да әдістемелерінің (әдістерінің) көмегімен алынған өлшем нәтижелерінің дұрыстығын бағалау үшін, өлшем құралдарын калибрлеу немесе стандартты үлгілердің сипаттамаларын анықтау үшін қолдану мақсатында сәйкестілігін бағалау;

в) осы тектегі шамалар өлшемінің басқа да әдістемелерін (әдістерін) қолдана отырып алынған өлшем нәтижелерінің дұрыстығын бағалауға арналған референттік әдістемені қолдану рәсімдерін эксперименттік сынап көру;

г) өлшемнің алынған нәтижелерін, соның ішінде осы тектегі (бар болған жағдайда) шамалар өлшемінің бастапқы референттік әдістемесін (әдісін) қолдана отырып алынған өлшем нәтижелерінің дұрыстығын бағалауды пайдалана отырып метрологиялық қадағалап отыруды құжатпен растау;

д) зертханааралық салыстыруларды немесе осы тектегі шамалар өлшемінің басқа референттік әдістемесімен (әдісімен) салыстыруды жүргізу;

е) алынған өлшем нәтижесінің белгісіздік бюджетін немесе дәлсіздігі құрылымын ұсыну;

ж) алынған өлшем нәтижелерінің нақтылық көрсеткіштерін бақылаудың құжатталған рәсімдерін эксперименттік сынап көру.

7. Референттік әдістеменің өлшемге қойылатын метрологиялық талаптарға сәйкестілігін растау кезінде уәкілетті үйым мыналардың дұрыстығын (негізділігін) бағалауды жүргізеді:

а) таңдау:

әдісті;

өлшем құралдарын;

стандартты үлгілерді;

қосалқы және басқа техникалық құралдарды;

б) сынамаларды іріктеу және дайындау, өлшеуге дайындық және осы өлшемдерді орындау кезінде операциялардың бірізділігін және мазмұнын белгілеу;

в) өлшемнің аралық нәтижелерін өндөу және өлшемнің қорытынды нәтижелерін есептеу;

г) өлшем модельдері;

д) сынамаларды іріктеу және дайындау сатысын (әдістерін) қоса алғанда эксперименттік зерттеу бағдарламалары мен көлемі;

е) орындалған теориялық зерттеулер;

ж) өлшемді жүргізу талаптарын таңдау және бағалау;

з) бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, өлшем нәтижелерін өндөу тәсілдері мен құралдарын таңдау;

и) өлшемның нақтылығы көрсеткіштерін таңдау және олардың мәндерін белгілеу;

к) өлшемнің нақтылығы көрсеткіштерін аттестаттау нәтижесінде белгіленген қамтамасыз ету рәсімдерін (соның ішінде мемлекеттік шамалар бірліктерінің бастапқы эталондарына өлшем нәтижелерін қадағалап отыруды қамтамасыз ету әдістерін, сондай-ақ нақтылық көрсеткіштерін бақылау тәсілдерін) таңдау және қабылданған шешімдердің сенімділігі (қажет болған жағдайда).

8. Референттік әдістемені осы тектегі шамалардың басқа да өлшем әдістемелерінің (әдістерінің) көмегімен алынған өлшенген мәндердің дұрыстығын бағалау үшін, қлшем құралдарын калибрлеу үшін немесе стандартты үлгілердің сипаттамаларын анықтау үшін пайдалану мүмкіндігін растау кезінде уәкілетті үйым осы Тәртіптің 6-тармағының "б" – "ж" тармақшаларына сәйкес теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулердің материалдарының болуын тексеруді жүргізеді.

9. Референттік әдістемені аттестаттауды жүргізу үшін өтініш беруші уәкілетті үйымға мынадай құжаттарды ұсынады:

а) өтініш (референттік әдістеменің атауын, өтініш беруші туралы мәліметтерді көрсете отырып, сондай-ақ Комиссия бекітетін өлшем бірліктерін қамтамасыз ету

бойынша жұмыстардың нәтижелерін өзара тану қағидаларына сәйкес аттестаттау бойынша жұмыстарды тану қажеттілігін көрсете отырып);

- б) техникалық тапсырма;
- в) техникалық тапсырмада көзделген көлемдегі құжаттама;
- г) референттік әдістеме баяндалған құжаттың жобасы (құжат);

д) осы Тәртіптің 6-тармағының "а" тармақшасына сәйкес жүргізілетін референттік әдістеменің теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер бағдарламасы мен осы Тәртіптің 6-тармағының "б" – "ж" тармақшалары талаптарының орындалуын растайтын нәтижелері (эксперименттік зерттеулердің хаттамалары, дәлсіздіктерді немесе белгісіздіктерді эксперименттік немесе есептік бағалау нәтижелері, сондай-ақ нақтылық көрсеткіштерін бағалау бойынша зертханааралық және (немесе) зертханаішілік эксперименттердің (егер мұндай эксперименттер техникалық тапсырмада көзделген болса) бағдарламасы мен нәтижелері).

10. Уәкілетті ұйым жаңадан әзірленген референттік әдістеме үшін осы Тәртіптің 7 және 8-тармақтарына сәйкес немесе оның шешімі бойынша – метрологиялық аттестаттаудан өткен әдістеме үшін осы Тәртіптік 8-тармағына сәйкес жұмыстарды жүзеге асырады.

11. Егер референттік әдістемені аттестаттау жаңа әзірленген өлшем әдістемесіне (әдісіне) қатысты жүргізілетін жағдайда, осы Тәртіптің 6-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген жұмыстарды орындаудың оң нәтижелері кезінде уәкілетті ұйым әдістемені уәкілетті орган бекіткеннен кейін өтініш берушіге тапсырылатын Комиссиямен бекітілетін өлшем әдістемесін (әдісін) метрологиялық аттестаттау тәртібіне қосымшада көзделген нысан бойынша өлшем әдістемесін (әдісін) метрологиялық аттестаттау туралы күелікті рәсімдейді.

12. Уәкілетті ұйым референттік әдістеменің аттестаттауды жүргізу аяқталғаннан кейін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

- а) референттік әдістеме баяндалған құжат;
- б) референттік әдістеменің өлшемге қойылатын метрологиялық талаптарға сәйкестілігі туралы қорытынды;
- в) уәкілетті ұйымның басшысы бекіткен және теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін қамтитын есеп (референттік әдістеменің осы Тәртіптің 7 және 8-тармақтарының ережелеріне сәйкестілігін растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып);
- г) өлшем әдістемесін (әдісін) метрологиялық аттестаттау туралы күеліктің көшірмесі (оған қатысты бұрын метрологиялық аттестаттау жүргізілген референттік әдістеме үшін).

13. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сенімділігін тексеруді жүргізеді, референттік әдістемені бекіту туралы немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды, Комиссия бекітетін өлшем бірліктерін қамтамасыз ету бойынша

жұмыстардың нәтижелерін өзара тану қағидаларына сәйкес жұмыстарды орындауды және бұл туралы уәкілетті ұйымды және өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар етуді жүзеге асырады.

14. Бекітілген референттік әдістеме туралы мәліметтерді уәкілетті орган мүше мемлекеттің өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласындағы ақпараттық қорына осы мемлекеттік заңнамасында белгіленген тәртіпте тапсырады.

15. Референттік әдістемеге өзгерістер енгізууді әзірлеуші жүзеге асырады. Мұндай жағдайда референттік әдістемені (енгізілген өзгерістерімен бірге) аттестаттау және осы Тәртіпке сәйкес бекіту жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК